



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 15/607

12 апреля 2019 года

газета издается с 26.06.2004 года

## Вестник

### ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ



Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 3-1-тармағына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы 2019 жылдың 9 маусымына тағайындалсын.

2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы кезектен тыс президент-

тік сайлауды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шараларды қабылдасын.

4. Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы мен Шымкент қалаларының әкімдері сайлау құқығы бар азаматтардың тізімін дер кезінде жасауды және дұрыстығын қамтамасыз етсін, Орталық, аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларына кезектен тыс президенттік сайлауды ұйымдастыру мен өткізу мәселелерін шешуде жан-жақты көмек көрсетсін.

5. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Президенті Қ.Тоқаев

### ВНЕОЧЕРЕДНЫЕ ВЫБОРЫ ПРЕЗИДЕНТА ПРОЙДУТ 9 ИЮНЯ

Глава государства Касым-Жомарт Токаев объявил о проведении внеочередных выборов Президента РК, передает Kazpravda.kz.

Жомарт Токаев.

Накануне, 8 апреля Касым-Жомарт Токаев провел переговоры с председателем Сената Парламента Даригой Назарбаевой,



В ходе телеобращения к гражданам Казахстана Касым-Жомарт Токаев объявил о том, что внеочередные выборы Президента РК будут проведены 9 июня 2019 года.

*"Уважаемые соотечественники!*

*Обращаюсь к каждому из вас. В соответствии с Конституцией страны я принял решение о проведении внеочередных выборов Президента Республики Казахстан 9 июня 2019 года.*

*Я советовался по этому вопросу с Елбасы Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым, консультировался со спикерами обеих Палат Парламента, с Премьер-министром страны, согласовал свое решение с Конституционным советом страны, встречался лидерами парламентских партий",* – сказал Касым-

Премьер-министром Аскармом Маминим, председателем Конституционного Совета Кайратом Мами и заместителем председателя Мажилиса Парламента Владимиром Божко. Сегодня, 9 апреля, Глава государства принял руководителей казахстанских политических партий.

Во время встреч были обсуждены вопросы внутренней политики страны и общественно-политической повестки дня.

Ранее министр национальной экономики РК Руслан Даленов сообщил, что досрочные выборы Президента РК могут быть профинансированы из резерва Правительства.

источник: [www.kazpravda.kz](http://www.kazpravda.kz)  
09.04.2019 г.

### ТҰРАҚТЫЛЫҒЫМЫЗ ҮШІН САЙЛАНҒАН БАСШЫ ҚАЖЕТ

Кеше Қазақстан Республикасы Кеше Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы Аткару комитетінің кезектен тыс отырысы өтіп, онда Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлау өткізу шешімін қолдау туралы үндеу қабылданған еді.

Онда Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы Бақытжан Әбдірайым алда сайлау өткізу туралы шешімге қатысты өзінің пікірін білдірген болатын:

– Бұл – тарихи оқиға. Кеше ғана Елбасымыз өз өкілеттігін тоқтатып, Қасым-Жомарт Тоқаевты Парламент бірауыздан Президент лауазымына сайлады. Бірақ Пре-

зидентті сіз бен біз, халық сайлайды. Қазақстанның тұрақтылығы үшін сайланған Президент қажет. Сол себепті қазіргі Президентіміз Қ.Тоқаев мырзаның кезектен тыс сайлау өткізу ұсынысын толығымен қолдаймыз, – деді федерация басшысы. Оның айтуынша, алдағы кезектен тыс Президенттік сайлау үлгілі түрде өтіп, әділ болуы керек. Барлық үміткерге жан-жақты мүмкіншілік жасалуы тиіс. «Осы мүмкіндіктерді пайдалану арқылы Қазақстанға лайықты, қазіргі заманға сай білімді, сауатты, алғыр Президент сайлап алуымыз керек. Сол арқылы бүкіл әлемге бірлігімізді, ынтымағымызды, саяси сана-сезіміміздің жоғары екендігін паш етіп көрсетуіміз керек».

### «БІР ЕЛ - БІР КІТАП» - 2019

«Бір ел-бір кітап» акциясы ҚР Мәдениет министрлігінің қолдауымен ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы және ҚР Кітапханашылар Ассоциациясы бастамасына сай 2007 жылдан бастап өткізіліп келеді. Акцияның мақсаты – жастарды патриоттыққа және адамгершілікке тәрбиелеуге, ана тілге мұқият қарауға, оқу мәдениетін қолдау және дамыту мен сауаттылық бағдарламасын арттыруға, рухани мұраны сақтауға және оқуға деген жәрдемдесу болып табылады.

«Бір ел- бір кітап» - 2019 республикалық акциясы бойынша Әбіш Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романы мен ақын Әбділда Тәжібаевтің поэзиясы тандалынып алынды.

1. Әбіш Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» романында халық жадындағы аңыз бен романтикалық қиял, философиялық толғам мен аналитикалық суреттеу тәсілі, реалистік баяндау мен шарттылық келісті үйлесім тапқан.

2. Әбділда Тәжібаев – поэзияда лирика

мен поэма жанрын қатар алып жүрген ақын. Оның қаламынан туған 30-дан астам поэма мен өте көп сандағы өлеңдері сыршылдық, ойшылдығымен, шыншылдық, оттылығымен ерекшеленеді. Ә.Тәжібаев поэзиясын басқа бірде-бір ақынның туындыларымен шатастыру мүмкін емес. Оның поэзиясы – тың ізденістің, жоғары мәдениеттің, кәнігі шебердің поэзиясы. Ә.Тәжібаев ұзақ шығармашылық ғұмырында тынымсыз ізденіп, үздіксіз еңбектеніп, тұтас бір дәуір шындығын жан-жақты, жоғары көркемдікпен бейнелеген өте мол мұра қалдырды.

2019 жылдың 1 сәуірі күні «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу залында «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында ақын, драматург, Қазақстанның халық жазушысы Әбділда Тәжібаевтың 110 жылдық мерей тойына орай «Сырда туған сырбаз ақын» тақырыбында поэзия кеші өткізілген болатын. Мақсаты: ақын Әбділда Тәжібаев туралы мағлұмат беру, өшпес көркем мұрасын жас ұрпаққа насихаттау, ақын шығармалары арқылы поэзияға деген сүйіспеншілігін арттыру.

Іс-шараға №1 мектептің 10 сынып оқушылары мен қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Хизирова Маржанкүл Қожабекқызы қатысты. Оқушылар Әбділда Тәжі-

### Республикалық акция



баевтың өмірі мен шығармашылығына тоқталып, өлеңдерін жатқа оқыды. Ә.Тәжібаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған бейнебаян көрсетіліп «Семсер жырдың қорғаны», «Ұлттық поэзия бәйтерегі» атты кітап көрмелері оқырман назарына ұсынылды.

«Бір ел-бір кітап» акциясы бойынша кітапханада тұрақты кітап көрмесі ұйымдастырылған және кітапханаға келіп осы кітаптарды оқып танысуларыңызға болады. Құрметті оқырман республикалық акцияның бізге берері өте көп. Өшпес көркем мұраны жас ұрпаққа насихаттау біздің басты мақсатымыз. Сондықтан кітап оқудан жалықпайық.

«Приозерск қалалық кітапханасы»  
КММ





## КҮМІС КҮЙ КҮМБІРЛЕГЕН КҮН

Қазақ халқының басқа халықтардан ерекшеліктерінің бірі ол өзінің ұлттық музыкасының болуы. Атадан балаға жеткен, қадірлеп көзінің қарашығындай сақталып, қымбат қазынаға айналды. Қаймағы бұзылмай жеткен бұл өнердің бір шыңы домбыра күйлері. Бұл мұра ғасырдан ғасырға іріктеліп, сұрыпталып, сүргіленіп, түрленіп жеткен халықтың өзімен бірге дамып, қалыптасып отырған. Байырғы кезде қазақ үйінің төрінде әрдайым домбыра ілулі тұрған немесе үй-ішінің біреуі домбырада күй шерпейтін отбасы қазақ арасында кемде-кем болған. Кеңестік кезеңдегі ұлттық өнер мен салт-дәстүрімізге болған қырын қабақ саясат халқымызды да, ұрпақтарымызды да қасиетті де киелі дом-

қаламызда айырықша орын алуда. Соның бір көрінісі – қаламыздағы «Достық» балалар мен жасөспірімдер шығармашылығы орталығындағы домбыра сыныбы десек жөн болмақ. Шындығына келгенде, осыдан 7-8 жыл бұрынға дейінгі кезеңде осынау домбырадан дәріс беру жағдайы қаламызда ақсап тұрғанын білетінбіз. Оның басты себебі – домбыра өнерінен сауаты бар, білікті маманның болмауы екендігі ақиқат. Бұл олқылықтың орны «Достық» БЖШО-на Айман Дәуітқұлқызы Нұртаеваның келуімен толғандығын соңғы уақытта өз көзімізбен көріп, біле бастадық.

Өткен сенбі, яғни сәуірдің 6-жұлдызы күні аталған орталықтың ғимаратында Айман Дәуітқұлқызынан домбырау үйрену

жасөспірімдер шығармашылығы орталығындағының директоры Светлана Попченко қазақ тілінде ашып, жас домбырашылар мен олардың ұстазын бүгінгі ідралғы шығармашылық сынақтарымен құттықтады және шығармашылық табыс тіледі. Ұл-қызы аралас өнерпаз балалар сахнаға қазақтың ұлттық киімін киіп, домбыра, кобыз, дауылпаз және сылдырмақтарын ұстап



жарқырап шыға келгенде бәріміздің көңіліміз көтеріліп, өшіп бара жатқан қасиетті өнеріміз қайта жандана бастағанына қуанысып қалдық. Айта кетерлігі, Айман Дәуітқұлқызынан домбыра үйреніп жүрген өнерпаз балалардың арасынан аймақтық өнер бәйгелеріне қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүрген жеткіншектердің бар екендігін осы кештегі концертте естідік.

Сахнаға қойылаған орындықтарға жайғасқан тура жиырма жеті жеткіншектің он жағына тәлімгерлері Айман Нұртаеваның өзі жайғасты. Әсерлі концерт күй атасы Құрманғазының «Балбырауын» күйімен Айман апайларының жетекшілігінде басталып, әу дегеннен тамашагөйлердің сезімнің

баурап алғаны рас. Тәлімгер ұстаз Айманың осы кеште шаңғауызда да керемет ойнайтынына көз жеткіздік. Музыка маманының бұндай да қыры барын бұрын байқамаған



едік. Өнерпаз балалар дауылпаз, сылдырмақ секілді аспаптарды да менгеріп алғанына шынымен риза болып қалғандығымызды жасырмаймыз. Күйсандықта ойнаған Ардақ Рымханқызы Ахатаеваның сүйемелдеуімен Еркебұлан мен Мағжанның қос домбырамен орындаған әлемге әйгілі Моцарттың «Рондо» шығармасы керемет орындалуымен есте қалары анық. Кіші топ балаларының попури, толық ансамбльдің құрамы тартқан «Жастар биі», «Келіншек», «Әуен», «Нәр ағачи», «Наркескен», «Бозінген», «Қара жорға» күйлері және Аяулымның жеке орындауындағы «Шашу», Жансая мен Мақпалдың «Құттықтаймын, мама» шығармалары, жоғарғы топтың попури тыңдарман қауымды бейжай қалдырмады. Залдағы көрерменнің көңілдеріне күймен көктем лебін әкелген, әдемі әуен сыйлаған есеп беру концертін атақты күйші Әбдімомун Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйімен аяқтауы ерекше әсерлі шықты. Қала жұртшылығына демалыстық көңіл-күй сыйлаған Айман мен оның шәкірттеріне алғыс айтып тарасқан жұрттың осы күнгі концертті біраз уақытқа дейін ұмытпайтынына шүбәміз жоқ.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ.  
Суреттерде: концерттен көріністер.



бырасынан әжептеуір алшақтатып, бойын суытып тастағаны рас. Домбыра мен оның шаңғауыздан төгілетін саз өнерінің сиқыры бар күйлеріміз өзімізбен қайта қауышты. Бұл да тәуелсіздіктің жемісі. Қазіргі кезеңде күйшілік өнер қанатын кең жая, қазақ деген ұлттың дәстүрлі мәдениетінде самғауда. Бодандық кезеңнен аман-есен өткен домбыра аспабы елімізде және біздің

бойынша дәріс алып жатқан жеткіншектердің «Күмбірлесін, күміс күй» атты есеп беру концерті болып өтті. Концертке қала тұрғындары, балалар мен ұстаздар қауымы, қаладағы әскери бөлім қызметкерлері мен сарбаздары келіп қатысып, балалардың өнерін тамашалағанына, балалардың өнеріне тамсанып қайтқанына куә болдық. Есеп беру концертін «Достық» балалар мен

### Рухани жаңғыру аясында

## БАЛАЛАРМЕН ӨТКЕН ӘНГІМЕ-СҰҚБАТ

Үстіміздегі жылдың 8-сәуірі, дүйсенбі күні Приозерск қаласы мемлекеттік архивінің мәжіліс залында қалалық «Приозерский вестник» газетінің арнаулы тілшісі, Қазақстан Республикасы журналистер Одағының мүшесі, аймағымызға белгілі ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі Елбасының «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» мақаласы аясында «Болашаққа үміт

бойынша баяндауы барысында оқушыларға сауал қоя отырып, кешегі дәуір мен бүгінгі өмірді байланыстыра отырып айтқан әңгімесіне қызығушылық танытқан балалар өз тараптарынан сөзге қосылып, жарасымды диалог орнады. Осынау әңгіме-сұқбат барысында оқу-білім, ұлттық әуен мен салт-дәстүр, әдеби кітапқа құмарлық пен телефонға әуестік, отбасы құндылықтары, мамандық пен кәсіп таңдау, дін мен діни ағымдар мәселесі, мектептегі және сыныптағы балалардың достық қарым-қатынасы, кеңестік кезең мен тәуелсіздік дәуірінің айырмашылығы секілді балаларды қызықтыратын тақырыптар төңірегінде сөз қозғалды. Оқушылардың танымдық сауаттылығына риза болған ақын Н.Қыдырмұратұлы Мағжан ақынның «Мен жастарға сенемін» өлеңін мысалға келтіріп, бүгінгі басқосуға қатысқан балаларға және жастарға сенім арта отырып, үміт ететінін білдірді.

Жиын соңында мемлекеттік архив директоры лекция оқуға арнайы келіп, қызықты әңгіме-сұқбатымен балалардың көңілінен шыққан Н.Қ.Қарабектегіне және лекцияға ұйымшылдықпен қатысқан оқушыларға өз алғысын айтты.



– жастарға сенім» тақырыбында, Приозерск қаласы мемлекеттік архивінің директоры Жолмұрат Кеңесұлы Кеңесов «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы бойынша түсінік беру мақсатында қаламыздағы №2 жалпы білім беретін мектептің оқушылары алдында лекция оқыды. Аталған ісшараға мектептің алтыншы сынып оқушылары және архив қызметкерлері қатысты.

Көкөрім жеткіншектердің қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге бейжай қарамайтындығы, еліміздегі саяси һәм әлеуметтік өзгерістерден әжептәуір хабардарлығы қуантты. Шешендердің тақырып



Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ.  
Суреттерде: лекцияда

## УМЕЙ СКАЗАТЬ «НЕТ» !

Проблема наркомании в Казахстане была и остается актуальной уже многие годы. Актуальность этой проблемы во всем мире связана с тем, что зависимость от наркотиков возникает гораздо чаще и быстрее, чем от алкоголя. Что нужно сделать, чтобы это зло не расплодилось по стране? Мировая практика последних десятилетий показала, что одними медицинскими и правоохранительными мерами проблему наркомании решить нельзя. Надо включить в эту деятельность все социальные институты и организации образования, что позволит создать комплексную систему факторов преодоления наркомании.

Борьба против наркомании и ее профилактика, особенно среди подростков, стала актуальной задачей. Одним из важных методов профилактики наркомании является обеспечение досуга и занятости подростков. Поэтому уроки здоровья, классные часы, проводимые в организациях образования в целях профилактики наркомании, а также правильной организации свободного времени ребенка имеют немаловажную роль в решении данной проблемы.

В целях пропаганды здорового образа жизни 4 апреля 2019 года в своем 5 «В» классе провела урок здоровья на тему «Умей сказать НЕТ!». На уроке дети приняли активное участие. Учащимися рассматривались проблемные ситуации, выполнялись упражнения, спорные утверждения. Была творческая работа: в группах учащиеся составляли листовку-призыв, обращенный к сверстникам с тем, чтобы они берегли себя, своих близких, никогда не пробовали наркотик. На примере игры «Сюрприз» дети увидели, как легко можно поддаться соблазну, зная, что это «плохо», «нельзя»,

«запрещено». Ребята работали в группах, где давали ответы на поставленные вопросы, обменивались мнениями по вопросам: «Так зачем же люди начинают принимать наркотики?», «Какие причины могут подтолкнуть людей к принятию наркотиков?». А также была работа в парах – ролевая игра «Как сказать «нет» предлагающему наркотики?». С моей помощью учащиеся узнали об основных последствиях



употребления наркотиков, назвали причины их употребления, а потом сделали выводы, что нужно делать, чтобы не стать наркоманом. Дети поняли, что самой главной ценностью человека является здоровье, его самый важный приоритет в жизни, который определяет возможность для реализации всех его устремлений, как личных, так и социальных.

Такие мероприятия расширяют знания учащихся по проблеме наркомании, дают достоверную информацию о причинах и следствиях употребления наркотиков, способствуют осознанию подростками ответственности за качество своей жизни.

Ф.А.Артыкмурадова,  
учитель русского языка и литературы,  
классный руководитель 5 «В» класса  
КГУ «Средняя общеобразовательная  
школа №1 г.Приозёрск»



